Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 6 хаттамасы

Тасқала ауылы **“1” шілде 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 10:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 10 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: Ө.А.Ахметов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.М.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, А.Е.Мухтаров, Х.Т.Мулдашев, Н.А.Чапурина, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. **Тасқала ауылдық округінің көшелеріндегі жарықшамдарды ауыстыру, қызметтік көлікке май алу, саябақтардағы орындықтарды, қоршауларды, қоқыс салатын жәшіктерді сырлау жұмыстары туралы**

ТЫҢДАЛДЫ:

Қ.Баймагамбетов: Саламатсыздар ма! Ауылдың көшелеріндегі жарықшамдарды ауыстыру, қызметтік көлікке май алу, саябақтардағы орындықтарды, қоршауларды, қоқыс салатын жәшіктерді сырлау жұмыстары туралы сіздің ойыңыз қандай, соны білу үшін, ақыл қосу үшін жиналып отырмыз.

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері!

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

С.Адилов: Ауылдың көшелеріндегі жарықшамдар жанып кеткен. Ауыстыратын, көптен бері көшелер қараңғы болып тұр түнгі мезгілде.

Н.Чапурина: Ия, біздің көшеде де жанып кеткен жарықшамдар бар.

Х.Мулдашев: Жанып кеткен жарықшамдарды ауылдағы «Инокон» жеке кәсіпкерлігі ауыстыра алады, соған айтайық, ауыстырып береді. Және ол тиімді бағамен жасайды.

Х.Мергалиев: Қызметтік көлікке май алуды да осы ауылымыздың тұрғынына берейік, Беркалиева Салия апа, оның кәсіпкерлігі бар. Бізге де, оған да тиімді.

И.Бермуханов: Ал стадионның орындықтарын, қоршауларын, қоқыс салатын жәшіктерді сырлауды «Маяк» жеке кәсіпкерлігіне беру керек.

Б.Бекентаева: Мен қолдаймын жұмыстарды жергілікті кәсіпкерге беруді.

Ұ.Шукурова: Саябақтардың қоршаулары, орындықтары, қоқыс салатын жәшіктері күннің көзіне өңіп кеткен. Орнатылғалы қайта жаңартылған жоқ.

М.Залиев: Ия, жабдықтардың да, қоршауларының да түстері кетіп, жаман болып тұр.

Б.Бекентаева: «Маяк» жеке кәсіпкерлігінде сырлардың бағасы нарықтық бағамен бірдей. Сырларды сатып алып, қоғамдық жұмысшыларға боятса, арзанға шығар еді.

Х.Мергалиев: Мен де қолдаймын.

А.Жамбыл: Сіздер қолдасаңыздар көшелердегі жарықшамдарды ауыстыруды «Инокон» ЖК-ға, қызметтік көлікке май алуды «Беркалиева С.Е.» ЖК-ға, саябақтардың қоршауларын, орындықтарын, қоқыс салатын жәшіктерді сырлау жұмыстарын өзіміздің ауылдың кәсіпкері «Маяк» ЖК-ға береміз.

Қ.Баймагамбетов: Тасқала ауылдық округіндегі көшелердің жарықшамдарын ауыстыру жұмыстарын «Инокон» жеке кәсіпкерлігіне беру, «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-ның қызметтік көлігіне май алу жұмыстарын «Беркалиева С.Е.» жеке кәсіпкерлігіне беру, «Жастар» стадионындағы саябақтардың орындықтарын, қоршауларын, қоқыс салатын жәшіктерін сырлау жұмыстарын «Маяк» жеке кәсіпкерлігіне беру дауысқа салынады.

Қолдағандар- 10 адам;
Қарсы- 0 адам;
Қалыс- 0 адам.
дауысқа салынады.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәртібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Тасқала ауылдық округінің көшелеріндегі жарықшамдарды ауыстыру «Инокон» жеке кәсіпкерлігіне;

«Тасқала ауылдық окуругі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметтік көлігіне май алу «Беркалиева С.Е.» жеке кәсіпкерлігіне;

саябақтардағы орындықтарды, қоршауларды, қоқыс салатын жәшіктерді сырлау жұмыстары өзіміздің ауылдағы «Маяк» жеке кәсіпкерлігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймағамбетов, жиналыс төрағасы: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Ұсыныс білдіргендеріңізге рахмет.

Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы Қ.Баймаг **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы Бекент- **Б.Бекентаева**